

**А.М. Расулова<sup>1\*</sup>, А.Т. Галинова<sup>2</sup>, О.В. Киричок<sup>3</sup>, Н.Б. Давлетбаева<sup>4</sup>**

<sup>1,2</sup> *Нархоз университеті, Алматы, Қазақстан*

<sup>3</sup> *Caspian University, Алматы, Қазақстан*

<sup>4</sup> *Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан*

<sup>1</sup> *Asem.Rasulova@narхоз.kz; <sup>2</sup>Altynay.galinova@narхоз.kz*

<sup>3</sup> *O.kirichok@cu.edu.kz, <sup>4</sup>n.davletbaeva74@mail.ru*

<sup>1</sup><https://orcid.org/0000-0003-3748-4734>, <sup>2</sup><https://orcid.org/0000-0002-7595-6635>

<sup>3</sup><https://orcid.org/0000-0003-1059-4917>, <sup>4</sup><https://orcid.org/000-0003-3463-8937>

<sup>4</sup> *Scopus Author ID: 5719550509*

<sup>4</sup> *Researcher ID: AAF-1829-2020*

### **Аймақтар негізінде кедейлік деңгейіне салыстырмалы талдау: Қазақстан мысалында**

#### **Аңдатпа**

**Мақсаты:** Аймақтарда абсолюттік кедейлік деңгейі көрсеткіштері серпінінің үрдістері мен ерекшеліктерін анықтау.

**Әдістер:** Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының аймақтар арасындағы кедейшілік деңгейіне баға беру мақсатында математикалық–экономикалық және де жүйелік талдау әдістері қолданылды.

**Нәтижелер:** Зерттеу нәтижесі көрсеткендей кедейшілік көрсеткіштерін Қазақстан өңірлері арасында саралаудың жоғары деңгейі бар. Зерттелген 10 жыл ішінде аймақтар арасындағы саралау деңгейі төмендеді, бірақ әлі күнге дейін, әсіресе абсолютті кедейлік деңгейінде байқалады. Кедейлік орташа деңгейі Қазақстанның жоғары аймақтарында, негізінен Оңтүстік және Солтүстік өңірінде кездеседі.

**Талқылау:** Жалпылай алғанда кедейшілік деңгейінің төмендеуіне, өсуіне көптеген факторлар әсер етеді. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей аймақтар бойынша кедейшілік мәселесінің туындауының өз ерекшеліктері бар. Сондықтан да әр аймақтағы кедейшілікпен күресу үшін әр түрлі тиімді құралдарды пайдалану және де іс шараларды жүргізу маңызды болып саналады.

**Кілт сөздер:** кедейшілік, аймақтар, төлем қабілеттілігі, табыс, инфляция, жұмыссыздық, жұмысбастылық, халықтың тығыздығы, ауыл шаруашылығы, өндіріс.

#### **Кіріспе**

Кедейлік әрқашан адамзат қоғамының прогресін тежейтін маңызды мәселе.

Кедейлікті зерттеудің ұзақ тарихы бар, бірақ кедейліктің дәйекті анықтамасы әлі де нақтыланған жоқ. Әр түрлі пәндер бұл ұғымды өз бағыттары бойынша түсінеді және кедейшілікке қызығушылық танытады (Zhou et al., 2018a). Кедейлік бастапқыда экономикалық құбылыс ретінде түсіндірілді. Экономикалық тұрғыдан қарастырғанда кедейлік — бұл жеке адам немесе әлеуметтік топ өмірге қажетті минималды қажеттіліктерді қанағаттандыра алмайтын әлеуметтік-экономикалық құбылыс. Кез келген ел кедей немесе бай бола алады. Мемлекеттің және қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы саласындағы саясатының арқасында елдегі жағдайды өзгертуге болады. Кедейліктің жіктелуі әртүрлі стандарттар мен әдістерді қамтиды. Жалпылама қарастырғанда кедейшілік абсолютті және салыстырмалы деп бөлінеді (Foster, 1998; Chen and Ravallion, 2007). Және де кедейшілікті аймақтық және жеке (Powell et al., 2001; Park et al., 2002; Bourguignon and Chakravarty, 2003; Milbourne, 2004, 2010; Liu et al., 2017), қала бойынша және ауыл аймақтық (Amato and Zuo, 1992; Du и др., 2005) деп қарастыруға болады. Аймақтық кедейшілік — бұл созылмалы немесе тұрақты кедейшілік, ал жеке көбінесе уақытша болып саналады (Liu et al., 2017). Аймақтық және жеке кедейшілік аймақтарда, ауыл мекендерінде инфрақұрылымның дамымауына әкеліп соғады. Сонымен қатар аймақтық кедейшілікке адами, әлеуметтік, қаржылық, табиғи капитал әсер етеді және кедейлікке әсер ететін факторлар уақыт ауқымына байланысты географиялық аймақтарда әр түрлі болады (Liu and Xu, 2016; Ding and Leng, 2018). Алайда, кедейлікті азайту үшін елді өркендететін және ондағы кедейліктің пайда болуына жол бермейтін стратегия қажет екенін бәрі түсінеді.

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: [Asem.Rasulova@narхоз.kz](mailto:Asem.Rasulova@narхоз.kz)

Қазіргі таңда Қазақстанның көптеген аймақтарында халықтың кедейшілік деңгейі жылдан жылға өсіп келе жатқанын байқаймыз. Дүниежүзілік банктің мәлімдеуінше Қазақстандағы қаладан тыс аймақтардағы кедейшілік деңгейі 12-14%-ға дейін өсуі мүмкін. Егер мемлекеттегі аймақтар бойынша кедейшілік деңгейінің айырмашылығы өсе берсе, ол жоғары әлеуметтік теңсіздікке, экономикалық дағдарысқа, өлім-жітімнің көбеюіне және тағы басқа күрделі мәселелерге алып келуі мүмкін.

Қазақстан Республикасында әлеуметтік саясатты жоғары деңгейге іске асыру үшін аса маңызды шаралардың бірі халықтың тұрақты жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету және кедейлікті азайту болып табылады. Қазіргі таңда кедейлік мәселесі бүкіл елге, қоғамға тән нәрсе болып келеді. Бұл мәселе біздің елімізге де әсер ететін ең өзекті тақырып. Кедейліктің өзі — бұл әр түрлі түсіндірулерді тудыратын көп өлшемді ұғым, соның ішінде экономиканың әсер етуі, ерлі-зайыптылардың тұрмыстық жағдайының төменділігі, халықтың төлем қабілеттілігінің төмендігі, азық-түлік бағаларының өсуі, инфляция сынды түсіндірулерді жатқызуға болады. Кедейлік деңгейінің басым бөлігін ауылдық жерлерді қамтиды, бұл құбылыс біршама факторларға байланысты.

Соңғы жылдары үкіметтің өтпелі кезеңнен адамдардың әл-ауқатының әсерін жақсарту жөнінде тұрақтандыру саясатын жүргізгеніне қарамастан, қазақстандықтардың өмір сүру деңгейін куәландыратын көптеген әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер елеулі өзгерістерге ұшырады. Жұмыссыздық едәуір өсті, халықтың нақты табысы төмендеді, өмір сүру ұзақтығы қысқарды және т.б. мұндай жағдайларда мемлекеттің кедейлік проблемалары туындай бастады. Инфляцияның елеулі қарқыны аясында жалақы, зейнетақы және әлеуметтік жәрдемақы төлемдері бойынша халықтың кедей топтарының арасында қиындықтар болды.

#### *Әдебиеттерге шолу:*

Кедейшілік мәселесі ғылыми академиялық ортаны көптен бері мазалап келе жатыр. Әр түрлі бағыттарда кедейшілік туралы көптеген зерттеулер жүргізілді, бұл кедейшілік деңгейін азайту саясатын жүргізу үшін өте тиімді. Кедейліктегі географиялық ортаның маңызды рөлі танылғанмен, кедейлік географиясын жүйелі зерттеу әлі де жеткіліксіз.

Кедейшілік әрқашан адамзат қоғамының дамуына кедергі келтіретін маңызды мәселе болып келеді. Кедейшілік көп өлшемді және кеңістіктік сипаттамаларға ие. Кедейліктің көп қырлы сипаты оның кеңістіктік бөлінуімен күрделене түседі (Gauci, 2005). Өкінішке орай мемлекеттің барлық қалалары жұмыспен қамтылмаған және кәсіпкерлік мемлекеттің барлық өңірлерінде дамымаған. Және де зерттеуші Джеффри Сачс кейбір мемлекеттердің аймақтары таудың етегінде орналасқан, кейбір аймақтар теңіздің жағасында, ал кейбір өңірлер мүлдем шөлейт жақта орналасқан, сондықтан аймақтар арасындағы кедейшілік тікелей аймақтардың географиялық орналасқан жеріне байланысты екенін пайымдайды (Sachs et al., 2001; Sachs, 2008).

Және де кейбір ғалымдар аймақтар арасындағы кедейшілікке кеңістік тұрғысынан әртүрлі өндірістік факторлардың кеңістіктік орналасуы да әсер ететінін дәлелдеген (Harris, 1954). Осы ғалымның пайымдауына мемлекет тарапынан мемлекеттің бірнеше қалаларына назар аудармай, бүкіл өңірлердің жағдайын ескере отырып, ол аймақтардың өмір сүру деңгейін жоғарлату бойынша күрделі жұмыстар атқарылуы қажет.

Мемлекетте аймақтар бойынша кедейшілік өткірлігі мәселесінің ауқымын түсіну үшін, кейбір ғалымдар кедейлік картасын құрастыру маңызды деп санайды. Ұсынылып жатқан кедейшілік картасы мемлекеттің аймақтар бойынша кедейлік деңгейін алдын-ала болжауға, негізгі мәселелерді айқындауға мүмкіндік береді деп дәлелдеген (Erenstein et al., 2010).

2020 жылдың алғашқы тоқсанында Дүниежүзілік банк Қазақстандағы кедейлік шамамен үш есе өскені туралы мәлімет берді. Деректерге сүйенсек, 2016 жылы 6% болса, 2020 жылы бұл көрсеткіш 14%-ға жетіпті. Қазақстанда кедейлер саны 1,5 миллион адамға артуы мүмкін деген болжамды Дүниежүзілік банктің желтоқсан айындағы баяндамасында берілген. Сондықтан қазіргі таңдағы еліміздегі кедейлік мәселесі өзекті болып отыр.


Дүниежүзілік банктің Орталық Азия бойынша экономисі Уильям Зейцтің айтуынша, Қазақстандағы кедейлер санының өсуінің басты себептері — жалақының өспеуі және елдегі экономиканың баяу дамуы. Сондықтан, әлемде қандай да бір экономикалық күйзеліс болса, Қазақстан бірінші болып зардап шегуі мүмкін. Жалақының төмендігі жайында көптеген авторлар өз ойын білдірген. Олар бюджеттік саланың өзінде ең төменгі айлық алатын адамдардың саны 1, 2 млн-нан асады дейді. Сондықтан халықтың әл-ауқатын жақсарту үшін жалақыны көтеру маңызды.

Ғалымдардың пікірінше, айлық көбею үшін алдымен жұмысшыға жалақы төлейтін жұмыс берушінің жағдайына қарайласу керек. Себебі, жалақы немесе табыс халықтың ең негізгі күн көрісі болып табылады. Экономист Мақсат Халықтың есептеуінше, жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім бойынша Қазақстан әлі де кедей елдердің қатарында екенін айтады. Елдің жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнімді есептейтін әлемдік стандарт бар. 149 миллиард долларды 18 миллион адамға бөлсек, жан басына шаққандағы ЖІӨ шамамен 9 мың долларды құрайды. Дүниежүзілік стандарт бойынша ішкі жалпы өнім 10 мың доллар болса, бұл ел табысы орташа. ІЖӨ 10 мың доллардан төмен болса, ол кедей ел. Егер жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім екі мың доллар болса, онда ол өте кедей ел болып саналады. Яғни, әлемдік стандарт бойынша Қазақстан кедей елдердің қатарында.

Сонымен қатар елімізде балалардың кедейлігін атап өткен жөн. Бұл жайында Zertteu Research Institute құрылтайшысы Шолпан Айтенованың айтуынша, Қазақстандағы 6 миллион баланың 1 миллионға жуығы кедей отбасыларда тұрады. Бұл қазірдің өзінде жалпыұлттық апат, өйткені кедейлік мұра болып қалу мүмкін және көптеген балаларға кедейлік шеңберінен шығу қиын болады. Дүниежүзілік Банктің талдауы көрсеткендей, әлем бойынша ең кедей топта көп балалы отбасылар басым. Дәл осындай жағдай Қазақстанда да байқалады, онда балалар кедейлігі сияқты күрделі проблема бар, бірақ оны ресми деңгейде жиі назардан тыс қалдыруға тырысады.

### *Зерттеу әдісі*

Кедейшілік — күрделі жүйелі мәселе. Аймақ жүйесінің анықтамасына сүйене отырып, кедейлік нақты жүйені белгілі бір географиялық аймақтағы табиғи ресурстардан, орналасу жағдайынан, экономикалық негізден, адами капиталдан және географиялық капиталдан тұратын құрылымы мен функциялары бар ашық жүйе ретінде анықтауға болады. Адамның, жердің, өнеркәсіптің ішкі жүйелері географиялық жағдайға, табиғи ресурстарға, экологиялық ортаға және әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне және т.б. әсер ететін жүйенің өзегі болып табылады. Және де халық санының өсуіне байланысты, егер де халықтың толықтай әлеуметтік қажеттіліктері қанағаттандырылмаса, ол тікелей экологиялық жағдайдың нашарлануына алып келіп соғады. Осылайша мемлекетте әлеуметтік-экономикалық дамудың төмендігі кедейшілік мәселесіне әкеледі. Салыстырмалы кедейлік өлшемін қолдану оның демографиялық және аймақтық профилін өзгертеді. Көптеген ғалымдар осы құбылысты өз еңбектерінде жиі қолданады. Қазіргі таңда кедейшілік мәселесінің себептері ретінде тек халықтың табыстылығын ғана емес, сонымен қатар мәдени, әлеуметтік тұрғыдан қарастыруға болады.



Сурет 1. Аймақтық кедейшілікке әсер етуші факторлар.

*Ескерту: Сурет автормен құрастырылған*

Аймақтар арасындағы кедейшілік мемлекеттегі көптеген жағдайларға байланысты екені анық. Берілген суретте аймақтар арасындағы кедейшілікке әсер ететін негізгі факторлар бейнеленген. Әр аймақтың өзінің географиялық орналасқан жеріне, ресурстардың шектеулігіне, урбанизация деңгейіне, білімнің қолжетімділігіне, инфрақұрылымның дамуына байланысты өз ерекшеліктері бар. Зерттеу жұмысының маңызды бөлігі осы аймақтар арасындағы кедейшілікке қандай факторлар әсер ететінін айқындау. Төменде осы факторлардың тығыз байланысын анықтау үшін сандық әдісін қолданып, оның ішінде корреляциялық талдау жүргізілді.

Зерттеу әдісі ретінде біздің тақырып бойынша сандық әдіс алынды. Себебі сандық әдіс статистикалық мәліметтер негізінде әсер етуші мәселелерді түсінуге мүмкіндік береді.

**Зерттеу нәтижесі**

Корреляциялық әдісті қолдану арқылы, біз Қазақстандағы аймақтар бойынша кедейлік деңгейлерін салыстырып, қай аймақта қандай факторлар әсер ететінін зерттеу керек болды. Қазақстан бойынша біз 4 аймақты тандап алып, салыстырып көрдік. Олар: Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Батыс Қазақстан. Осы облыстар бойынша, кедейлік деңгейінің төмендеуіне қай фактордың көбірек әсер ететінін анықтадық. Төменде көрсетілгендей, әр облыс бойынша тандап алынған факторларымыз белгіленген:

Y – Қазақстан мемлекетіндегі өңірлер бойынша кедейліктің тереңдігі алынды. Оған әсер етуші факторлар:

X1 – Жұмыссыздар саны, адам;

X2 – ҚР-ның өңірлері бойынша орташа айлық жалақы, тг.;

X3 – Тұтыну тауарларының баға индексі, %;

X4 – Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өнім шығарылымы, млн тг.;

X5 – Ішкі туризм бойынша (резиденттер) орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер, адам;

X6 – Қазақстан Республикасы халқының табиғи өсімінің (кему) жалпы коэффициенті, 1000 адамға;

X7 – Өңірлер бойынша экономикалық қызмет түрлері бойынша өнеркәсіп өнімдерінің нақты көлем индекстері (өнеркәсіп), %

X8 – Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы, млн.тг.

Мақалада зерттеу сұрағына байланысты факторларды, кестелерді және статистикалық мәліметтерді қолданып, зерттеу жүргіздік. Зерттеу нәтижесінде келесі нәтижелерге қол жеткізе алдық (кесте 1):

Кесте 1. Батыс Қазақстан аймағы бойынша корреляциялық талдау

	Y	X1	X2	X3	X4	X5	X6	X7	X8
Y	1								
X1	0,489682	1							
X2	0,085002	-0,62516	1						
X3	0,456143	0,12530	0,353269	1					
X4	-0,26092	-0,67992	0,766111	0,346413	1				
X5	-0,51415	-0,70107	0,318959	-0,126923	0,648035	1			
X6	-0,83201	-0,69150	0,092681	-0,155164	0,560152	0,6960	1		
X7	0,314257	0,08889	-0,10755	-0,145099	-0,377474	-0,3900	-0,40587	1	
X8	0,184963	-0,59934	0,981794	0,328373	0,660908	0,2482	-0,01787	0,0388	1

Кесте <https://www.stat.gov.kz/> мәліметтері негізінде автормен есептелген

Корреляциялық талдау нәтижесінде Батыс Қазақстан аймағы бойынша кедейшілік деңгейі 8 факторлармен байланыста әр түрлі нәтижені көрсетіп тұр. Батыс Қазақстан аймағы бойынша X1 (Жұмыссыздар саны, адам), X2 (ҚР-ның өңірлері бойынша орташа айлық жалақы, тг.), X3 (Тұтыну тауарларының баға индексі), X7 (Өңірлер бойынша экономикалық қызмет түрлері бойынша өнеркәсіп өнімдерінің нақты көлем индекстері (өнеркәсіп), %), X8 (Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы, млн. тг.) факторларымен әлсіз байланысты көрсетіп тұрса, X5 (Ішкі туризм бойынша (резиденттер) орналастыру орындарымен қызмет

көрсетілген келушілер, адам), X6 (Қазақстан Республикасы халқының табиғи өсімінің (кему) жалпы коэффициенті, 1000 адамға) теріс байланысты көрсетіп тұр. Экономикалық тұрғыдан қарастырғанда кедейшілік деңгейіне кері байланысты көрсетіп тұрған факторлар тығыз байланыста болу керек, бірақ экономикалық–математикалық әдісті қолдана отырып, Батыс Қазақстан аймағы бойынша бұл факторлар кедейшілік деңгейіне байланыссыз екені дәлелденді. Ал нақты кедейшілік деңгейін төмендету үшін Батыс Қазақстан аймағы бойынша ішкі туризмді дамыту керек екені анықталды және де халық санын арттыру керек екені айқындалды.

Берілген екінші кестеде Солтүстік Қазақстан аймағы бойынша корреляциялық талдау нәтижесі көрсетілген. Барлық қарастырылып жатқан аймақтарға бірдей факторлар алынған (кесте 2).

Кесте 2. Солтүстік Қазақстан аймағы бойынша корреляциялық талдау

	Y	X1	X2	X3	X4	X5	X6	X7	X8
Y	1								
X1	0,789291	1							
X2	-0,38022	-0,78244	1						
X3	0,118473	-0,03363	0,330845	1					
X4	-0,33016	-0,78862	0,979179	0,276708	1				
X5	-0,49662	-0,80139	0,902572	0,085244	0,901925	1			
X6	-0,06186	0,358912	-0,8458	-0,29524	-0,8044	-0,72641	1		
X7	0,045822	-0,28129	0,369814	-0,32674	0,387453	0,371269	-0,44248	1	
X8	-0,24534	-0,72766	0,975668	0,321207	0,969014	0,860192	-0,86488	0,496471	1

Кесте <https://www.stat.gov.kz/> мәліметтері негізінде автормен есептелген

Зерттеу жұмысымыздың зерттеу әдісі бойынша корреляциялық талдау арқылы келесідей нәтижеге қол жеткіздік. Солтүстік Қазақстан аймағы бойынша кедейшілік деңгейі (Y) тек қана X1 - 0,78 (Жұмыссыздар саны, адам) факторымен байланысты екені анықталды. Яғни Солтүстік Қазақстан бойынша кедейшілік деңгейін төмендету үшін жұмыссыздықпен күресу керек екенін тұжырымдауға болады. Солтүстік Қазақстан аймағы бойынша жұмыссыздық мәселесі өзекті мәселе екенін айтуға болады.

Үшінші кестеде Оңтүстік Қазақстан аймағы бойынша факторлар арасында тығыз байланысқан, сонымен қатар кері байланысқа түскен факторлар тізбегі көрсетілді (кесте 3).

Кесте 3. Оңтүстік Қазақстан аймағы бойынша корреляциялық талдау

	Y	X1	X2	X3	X4	X5	X6	X7	X8
Y	1								
X1	0,57793	1,000							
X2	-0,7388	-0,775	1,000						
X3	0,22654	-0,239	0,015	1					
X4	-0,5876	-0,747	0,952	0,21731	1				
X5	-0,4636	-0,602	0,865	0,13879	0,949351	1			
X6	0,49976	0,654	-0,549	0,37143	-0,38054	-0,247	1		
X7	0,41756	0,105	-0,277	0,2547	-0,07209	0,01987	0,41004	1	
X8	-0,7612	-0,752	0,991	0,05191	0,95967	0,8707	-0,4817	-0,2529	1

Кесте <https://www.stat.gov.kz/> мәліметтері негізінде автормен есептелген

Оңтүстік Қазақстан аймағының бойынша кедейшілік көрсеткішіне X1 факторы яғни, жұмыссыздар саны, байланысын көреміз: - 0,57, және де кері байланысты Қ.Р-ның өңірлері бойынша орташа айлық жалақы (X2) -0,73, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өнім шығарылымы (X4) және де ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы (X8)-0,76 факторларымен бар екенін көріп отырмыз. Солтүстік Қазақстан аймағында сияқты Оңтүстік Қазақстан аймағы бойынша жұмыссыздық мәселесі кедейшілік мәселесімен байланыс бар екені анықталды. Яғни бұл аймақта да халықты жұмыспен қамту бойынша жұмыстар жүргізу керек екені

анық. Және де Оңтүстік Қазақстан аймағы бойынша орташа айлық жалақы өссе, кедейшілік деңгей төмендейтіні дәлелденді. Оңтүстік Қазақстан өзінің орналасқан географиялық орнына және қолайлы климаттық жағдайына байланысты ауыл шаруашылық саласы бойынша әлеуеті өте жоғары. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей егер де Оңтүстік Қазақстанда ауыл шаруашылық саласын жоғары деңгейде дамытса кедейшілік деңгейі де төмендейтіні анықталды.

Келесі корреляциялық талдауды Қазақстан Республикасының 4-ші аймағы Шығыс Қазақстан аймағы бойынша зерттеулер жүргізілді (кесте 4).

Кесте 4. Шығыс Қазақстан облысы бойынша корреляциялық талдау.

	Y	X1	X2	X3	X4	X5	X6	X7	X8
Y	1								
X1	0,41197	1							
X2	0,04485	-0,78387	1						
X3	0,46183	0,01710	0,26993	1					
X4	0,10469	-0,7799	0,98552	0,26239	1				
X5	-0,24124	-0,76406	0,55573	-0,20689	0,590806	1			
X6	-0,61797	-0,13922	-0,44177	-0,36073	-0,39607	0,252551	1		
X7	0,28634	0,32964	-0,23204	-0,38724	-0,17735	-0,01595	-0,18339	1	
X8	-0,06056	-0,45416	0,23277	-0,063	0,355816	0,328617	0,416337	-0,05171	1

Кесте <https://www.stat.gov.kz/> мәліметтері негізінде автормен есептелген

Шығыс Қазақстан аймағы бойынша, мүлдем басқа зерттеу нәтижесін көріп отырмыз. 7 факторлар бойынша төмен байланыс көрсетілген, ал бір фактормен Қазақстан Республикасы халқының табиғи өсімінің (кему) жалпы коэффициенті (X6) факторымен теріс байланысты көрсетіп тұр. Бұл өңірде жыл сайын халық санының азайып жатқанын байқауға болады. Бұл жәйтті сол аймақтардан басқа қалаларға, басқа мемлекеттерге көшуімен байланыстыруға болады.

#### Талқылау

Зерттеу нәтижесі нақтыланып, талқыланды. Жоғарыда көрсетілген мәліметтер негізінде зерттеу нәтижесіндегі дәлелдемелер арқылы нәтижеге қол жеткіздік. Кедейшілік деңгейі Қазақстан Республикасының төрт аймағында да әртүрлі екені анықталды. Бұған әдебиеттік шолуда келтірілгендей себептер өте көп. Кедейшіліктің өсуінің негізгі себебі — Қазақстан аймақтарының халқының 70–80% астамы дерлік тек еңбек табысына тәуелді, яғни жұмыссыздық мәселесін қолға алу керек. Табыс деңгейі біздің елімізде ең маңызды рөл атқаруы керек, себебі бұл фактор ең өзекті болып тұр. Бірақ, Қазақстанда орташа және ең төменгі жалақы деңгейі әлемдегі ең төменгі деңгейлердің біріне жатады.

Дүниежүзілік банктің Орталық Азия бойынша экономисі Уильям Зейц Қазақстандағы кедейлер санының өсуі жайлы дұрыс пікір қалыптастырған. Яғни, экономикалық көрсеткіштер өскенімен, еңбек ақы деңгейінің төмендігі, азық-түлік бағаларының өсуі, халықтың кедейлік деңгейіне қатты әсер етеді.

Мемлекетте жұмыс орындары жеткілікті болса, кәсіпкерлік жоғары деңгейде дамыса, жұмыссыздық мәселесінің өршуі де төмендейді. Себебі халықтың табысы кедейшілікке қарсы тұратын маңызды факторлардың бірі. Қазіргі уақытта табысы жоғары және орташа халықтың басым бөлігінің өз дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндігі бар болғандықтан, аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруы орын алады.

Тағы айтып кететін жәйт Шығыс Қазақстан мен Солтүстік Қазақстан аймақтарында халықтың тығыздығы үлкен мәселелердің бірі болып саналады. Себебі кедейшілік мәселесі салдарынан сол аймақтарда тұратын халық көрші мемлекеттерге қоныс аудару және үлкен қалаларға көшу мүмкіндіктерін бүгінгі таңда қарастыруда.

Және де Оңтүстік Қазақстан аймағы бойынша ауыл шаруашылық саласын дамытса, көптеген мәселелер шешіледі. Себебі Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің болашағы зор. Көптеген позициялар бойынша Қазақстан әлемдегі ірі аграрлық өнім өндірушілердің бірі бола алады. Оның ішінде экологиялық таза тамақ өнімдерін өндіру бойынша.

Біздің ойымызша Қазақстандағы халықтың кірістерін қайта бөлу саясатының шаралары ретінде мемлекетке бірқатар әдістерді енгізу қажет, мысалы:

– халықтың қаржылық сауаттылығының жалпы деңгейін арттыру. Бұл үшін Қазақстан Үкіметі, атап айтқанда, Қаржы министрлігі, Экономикалық даму министрлігі, сондай-ақ Орталық банк, салық қызметі және басқа да экономикалық қызметтер көп күш салып жатқанын айта кеткен жөн.

– шағын және орта бизнесті толық көлемде дамытуға және жұмыс істеуге ынталандыратын және ірі бизнестің қандай да бір қызметті немесе өндірісті монополиялауына жол бермейтін жағдайларды құру.

Бұл мәселеден шығу үшін Қазақстан үкіметі халықтың әл-ауқатының жақсаруына байланысты өзгерістерді жасауы керек. Біріншіден, халық санының өсуі инвестицияның жоғары деңгейін талап етеді. Инвестициялар мемлекеттен де, бизнестен де түсетіндіктен, бизнеске қолайлы жағдай жасау керек. Үкімет өз кезегінде адами капиталды дамыту үшін ЕЭЫДҰ мүше деңгейлеріне сәйкес білім мен денсаулық сақтау салаларына инвестиция салуы қажет. Екіншіден, билік пен халық арасындағы түсініспеушілікті жою керек. Үкімет үшін жеңілдіктер беру арқылы қалыптасқан өмір сүрудің төмен деңгейін ұстап тұру емес, фискалдық және ақша-несие шараларын қолдану арқылы адамдарды өндірістік қызметке және кәсіпкерлікті дамытуға тарту маңызды. Үшіншіден, халықтың жұмыс орындарымен толықтай қамтамасыз етілмеуі, жалақы мөлшерінің өспеуі және де мемлекетте өнім өндіретін кәсіпорындардың аз болуы мемлекеттің экономикалық-әлеуметтік жағдайының төмендеуіне әсер ететін себептер болып саналады, бұл өз кезегімен урбанизацияның өсуінің себебіне айналдырады.

Көп ғалымдардың пайындауынша кедейшілік қазіргі уақытта жаһандық әлеуметтік проблемаға айналды. Жоғарыда келтірілген дәлелдемелер негізінде кедейшілік — мемлекеттердің экономикалық-әлеуметтік жағдайына әсер ететін көп өлшемді құбылыс болып саналады. Тұжырымдамаларда соңғы он жылда кедейлік ұғымы экономикалық көрсеткіштерден тыс кеңейтілді және де қазіргі кезде әлеуметтік, мәдени көрсеткіштерді қамтиды. Аймақтар арасындағы кедейшілік деңгейі біршама факторларға байланысты екені анықталды. Бір мемлекетте орналасқан аймақтарға өзінің ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі кедейшілікпен күресетін әдістер мен тәсілдерді қолдану қажет.

### **Қорытынды**

Қорытындылай келе, біз Қазақстан Республикасындағы төрт аймақтар бойынша толық зерттеулер жүргізіп, нәтижелерін шығарып, анықтадық. Өкінішке орай, қазіргі Қазақстанда кедейлік тақырыбы уақыт өткен сайын өз өзектілігін жоғалтпайды, дәл осындай өткір және маңызды мәселе болып қала береді, бірақ бұл мәселе бойынша кейбір аймақтарда халықтың әл-ауқатының жақсарудың кейбір тенденциялары байқалады. Бұл мәселе өздігінен жойылып кетпейді, онымен күресудің тиімді құралдары қажет. Кедейлікпен күрес стратегиясының тағы бір компоненті – ауыл шаруашылық саласын дамыту. Ал ол үшін қазіргі таңда ауыл шаруашылық саласында келесідей дәйекті жұмыстар атқарылуы тиіс: процестерді цифрландыру, деректерді жинау мен беруді автоматтандыру, кадрлар даярлау. Нормативтік базаны нығайтып, тиімді жоспарлау мен мониторинг жүйесін енгізген жөн. Ауыл шаруашылығын субсидиялау саясатын мемлекеттің өнеркәсіптік саясатына сәйкес келтіру қажет. Осы жүргізілген жұмыстар арқылы халықты жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз ету, халық табысын жоғарлатуға мүмкіндіктер жасауға қол жеткізу.

### **References**

- Alkire, S., & Foster, J. (2011). Counting and multidimensional poverty measurement. *J. Publ.Econ.*, 95 (7), 476–487.
- Alkire, S., & Robles, G. (2017). Multidimensional Poverty Index Summer 2017: Brief Methodological Note and Results. OPHI Methodological Note 44. University of Oxford.
- Alkire, S., & Santos, M.E. (2014). Measuring acute poverty in the developing world: robustness and scope of the multidimensional poverty index. *World Dev.*, 59, 251–274.
- Amato, P.R., & Zuo, J. (1992). Rural poverty, urban poverty, and psychological well-being. *Socio. Q.* 33 (2), 229–240.
- Bourguignon, F., & Chakravarty, S.R., 2003. The measurement of multidimensional poverty. *J. Econ. Inequal.*, 1 (1), 25–49 2003.
- Chen, S., & Ravallion, M. (2007). Absolute poverty measures for the developing world, 1981–2004. *Proc. Natl. Acad. Sci. U.S.A.*, 104 (43), 16757–16762.
- Ding, J., & Leng, Z. (2018). Regional poverty analysis in a view of geography science. *Acta Geograph. Sin.*, 73 (2), 232–247.

- Economic Research Institute (2022). Turaqty damu maqsattary: 1-maqsat. Kedeishilikti onyn barlyq nysandaryna zhappai zhoiu [Purposes of the stable development: 1 purpose. The complete elimination of the poverty in all the fields]. Retrieved from [https://economy.kz/kz/Novosti\\_instituta/id=4309/arch=2021\\_65](https://economy.kz/kz/Novosti_instituta/id=4309/arch=2021_65) [in Kazakh].
- Erenstein, O., Hellin, J., & Chandna, P. (2010). Poverty mapping based on livelihood assets: a meso-level application in the Indo-Gangetic Plains, India. *Appl. Geogr.*, 30 (1), 112–125.
- Foster, J.E. (1998). Absolute versus relative poverty. *Am. Econ. Rev.*, 88 (2), 335–341.
- Gauci, A. (2005). Spatial Maps. Targeting & Mapping Poverty. United Nations. Economic Commission for Africa, London.
- Harris, C.D. (1954). The market as a factor in the localization of production. *Ann. Assoc. Am. Geogr.*, 44, 35–48.
- Liu, Y., & Li, Y. (2017). Revitalize the world's countryside. *Nature*, 548 (7667), 275–277.
- Li, Y. (2016). Geographers presided over the third-party assessment major tasks of poverty alleviation effectiveness the National Targeted Poverty Alleviation Precision. *ActaGeograph. Sin.* 71 (7), 1272–1273 (in Chinese).
- Milbourne, P. (2004). The local geographies of poverty: a rural case-study. *Geoforum*, 35(5), 559–575.
- Powell, M., Boyne, G., & Ashworth, R. (2001). Towards a geography of people poverty and place poverty. *Pol. Polit.*, 29 (3), 243–258.
- Park, A., Wang, S. & Wu, G. (2002). Regional poverty targeting in China. *J. Publ. Econ.* 86(1), 123–153.
- Sachs, J., 2008. The end of poverty: economic possibilities for our time. *Eur. J. Dent. Educ.*, 12, 17–21.
- Sachs, J.D., Mellinger, A.D., & Gallup, J.L. (2001). The geography of poverty and wealth. *Sci. Am.* 284 (3), 70–75.
- Stat.gov.kz. Tabysy kunkoristin en tomengi dengeiin shamasynan tomen khalyqtyn ulesi (VPM) [The share of the population whose income is below the subsistence level]. Retrieved from <https://stat.gov.kz/api/getFile/?docId=ESTAT104580&lang=kk> [in Kazakh].
- Zhou, Y., Guo, Y., & Liu, Y. (2018). Comprehensive measurement of county poverty and anti-poverty targeting after 2020 in China. *ActaGeograph. Sin.*, 73 (8), 1478–1493.
- Zhou, Y., Guo, Y., Liu, Y. (2019). The geography of poverty: Review and research prospects. *Journal of Rural Studies*. Volume 93, July 2022, Pages 408–416.

**А.М. Расулова, А.Т. Галинова, О.В. Киричок, Н.Б. Давлетбаева**

### **Сравнительный анализ уровня бедности по регионам: на примере Казахстана**

#### **Аннотация:**

**Цель:** Выявить тенденции и особенности динамики показателей уровня абсолютной бедности в регионах и их влияние на экономическую безопасность.

**Методы:** В ходе исследования были использованы методы математико-экономического и системного анализа с целью оценки уровня бедности между регионами Республики Казахстан.

**Результаты:** Результаты исследования показывают, что показатели бедности имеют высокий уровень дифференциации между регионами Казахстана. За исследуемые 10 лет уровень дифференциации между регионами снизился, но он до сегодняшнего дня наблюдается, особенно при абсолютном уровне бедности. Регионы со средним уровнем бедности в Казахстане расположены, в основном, в южных и северных регионах.

**Выводы:** В целом, на снижение, рост уровня бедности влияют многие факторы. Как показал результат исследования, возникновение проблемы бедности по регионам имеет свои особенности. Поэтому важно использовать различные эффективные инструменты и проводить мероприятия для борьбы с бедностью в каждом регионе.

**Ключевые слова:** бедность, регионы, платежеспособность, доход, инфляция, безработица, занятость населения, плотность населения, сельское хозяйство, производство.

**А.М. Rasulova, A.T. Kalinova, O.V. Kirichok, N.B. Davletbayeva<sup>4</sup>**

### **Comparative analysis of the level of poverty by region: on the example of Kazakhstan**

#### **Abstract**

**Objective:** To identify trends and features of the dynamics of absolute poverty indicators in the regions and their impact on economic security

**Methods:** In the course of the study, methods of mathematical– economic and system analysis were used to assess the level of poverty between the regions of the Republic of Kazakhstan.

**Results:** The results of the study show that poverty indicators have a high level of differentiation between the regions of Kazakhstan. Over the past 10 years, the level of differentiation between regions has decreased, but it is still observed, especially at the absolute level of poverty. Regions with an average level of poverty in Kazakhstan are located mainly in the southern and northern regions.

*Conclusions:* In general, many factors influence the reduction and growth of the poverty level. As the result of the study showed, the emergence of the problem of poverty by region has its own characteristics. Therefore, it is important to use various effective tools and implement measures to combat poverty in each region.

*Keywords:* poverty, regions, solvency, income, inflation, unemployment, employment, population density, agriculture, production.

### References

- Alkire, S., Foster, J., 2011. Counting and multidimensional poverty measurement. *J. Publ.Econ.* 95 (7), 476–487.
- Alkire, S., Robles, G., 2017. Multidimensional Poverty Index Summer 2017: Brief Methodological Note and Results. OPHI Methodological Note 44. University ofOxford.
- Alkire, S., Santos, M.E., 2014. Measuring acute poverty in the developing world: robustness and scope of the multidimensional poverty index. *World Dev.* 59, 251–274.
- Amato, P.R., Zuo, J., 1992. Rural poverty, urban poverty, and psychological well-being. *Socio. Q.* 33 (2), 229–240.
- Bourguignon, F., Chakravarty, S.R., 2003. The measurement of multidimensional poverty. *J. Econ. Inequal.* 1 (1), 25–49 2003.
- Chen, S., Ravallion, M., 2007. Absolute poverty measures for the developing world, 1981–2004. *Proc. Natl. Acad. Sci. U.S.A.* 104 (43), 16757–16762.
- Ding, J., Leng, Z., 2018. Regional poverty analysis in a view of geography science. *ActaGeograph. Sin.* 73 (2), 232–247.
- Erenstein, O., Hellin, J., Chandna, P., 2010. Poverty mapping based on livelihood assets: a meso-level application in the Indo-Gangetic Plains, India. *Appl. Geogr.* 30 (1), 112–125.
- Foster, J.E., 1998. Absolute versus relative poverty. *Am. Econ. Rev.* 88 (2), 335–341.
- Gauci, A., 2005. *Spatial Maps. Targeting & Mapping Poverty.* United Nations. Economic Commission for Africa, London.
- Harris, C.D., 1954. The market as a factor in the localization of production. *Ann. Assoc. Am. Geogr.* 44, 35–48.
- Liu, Y., Li, Y., 2017. Revitalize the world's countryside. *Nature* 548 (7667), 275–277.
- Li, Y., 2016. Geographers presided over the third-party assessment major tasks of poverty alleviation effectiveness the National Targeted Poverty Alleviation Precision. *ActaGeograph. Sin.* 71 (7), 1272–1273 (in Chinese).
- Milbourne, P., 2004. The local geographies of poverty: a rural case-study. *Geoforum* 35(5), 559–575.
- Powell, M., Boyne, G., Ashworth, R., 2001. Towards a geography of people poverty and place poverty. *Pol. Polit.* 29 (3), 243–258.
- Park, A., Wang, S., Wu, G., 2002. Regional poverty targeting in China. *J. Publ. Econ.* 86(1), 123–153
- Sachs, J., 2008. The end of poverty: economic possibilities for our time. *Eur. J. Dent. Educ.* 12, 17–21.
- Sachs, J.D., Mellinger, A.D., Gallup, J.L., 2001. The geography of poverty and wealth. *Sci. Am.* 284 (3), 70–75.
- Zhou, Y., Guo, Y., Liu, Y., 2018. Comprehensive measurement of county poverty and anti-poverty targeting after 2020 in China. *ActaGeograph. Sin.* 73 (8), 1478–1493.
- Zhou, Y., Guo, Y., Liu, Y., 2019. The geography of poverty: Review and research prospects. *Journal of Rural Studies.* Volume 93, July 2022, Pages 408–416.
- Statsenko, O.A. "Paupertas, oeconomia regionalis, pugna contra paupertatem" // Universitas Miras, Nonnullae rationes vigilantiae exsequendi consilium pugnae contra paupertatem in Republica Kazakhstan.
- Tsepelev O.A. Factor formationis et differentiae paupertatis gradus incolarum: aspectus regionalis // Bulletin Universitatis Civitatis Pacifici. 2014. N. 1 (32). S. 225-232.
- Табысы күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасынан төмен ыалықтың үлесі (VPM). – Қолжетімді ресурс: <https://stat.gov.kz/api/getFile/?docId=ESTAT104580&lang=kk>
- Тұрақты даму мақсаттары: 1-мақсат. Кедейшілікті оның барлық нысандарында жаппай жою. – Қолжетімді ресурс: [https://economy.kz/kz/Novosti\\_instituta/id=4309/arch=2021\\_65](https://economy.kz/kz/Novosti_instituta/id=4309/arch=2021_65)